

## Аңдатпа

Берілген дипломдық жобада компьютерді жөндеу бойынша сервистік орталықтың программалық қамтамасын құру сұрақтары қарастырылды. Дипломдық жобаны орындау барысында компьютерді жөндеу бойынша сервистік орталықтың ақпараттық процестерін жүйелік талдау жасалды; сервистік орталықтың ақпараттық процестерінің моделі, жүйенің CASE диаграммасы, өтініштерді есепке алатын мәліметтер базасы, сервистік орталықтың программалық қамтамасы жасалды. Программалық орта клиенттерді іздеу, ақпаратты сақтау және тапсырыстары есепке алуға мүмкіндік береді.

Дипломдық жобаны орындау кезінде MySQL МББЖ; PHP, HTML, CSS, JavaScript программалық құралдары қолданылды. Берілген жүйенің қолданушылары компьютерді жөндеу бойынша сервистік орталықтың қызметкерлері мен менеджерлері болып табылады.

Бұл жұмыс кіріспеден, негізгі бөлігін қамтитын бес тараудан (талдау бөлімі, зерттеу бөлімі және жобалау бөлімі) қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.